

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 155 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 сәуір N 449

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2001 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 155 P010155_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) 2001 жылғы егіннің 9353-90 МЕМСТ-ға сай бидайдың үшінші сыныпты жұмсақ сорттарын, есепке алынған салмағының бір тоннасы үшін қосымша құн салығын қоса алғанда және бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылатын тұлғалар үшін - қосымша құн салығын есептемегенде, франко-элеватор шартымен 80 (сексен) АҚШ долларына баламалы баға бойынша 5 108 000 000 (бес миллиард бір жүз сегіз миллион) теңге сомасына 419 000 (төрт жүз он тоғыз мың) тоннаға дейінгі көлемде, бұл ретте:

3 369 740 000 (үш миллиард үш жүз алпыс тоғыз миллион жеті жүз қырық мың) теңге сомасына 276 000 (екі жүз жетпіс алты мың) тоннаға дейінгі көлемде - көктемгі және жазғы қаржыландыру арқылы жеткізілім шарты негізінде (бұдан әрі - екі деңгейлі сатып алу): 2001 жылғы 1 мамырға дейін 60 пайызға немесе 2 021 844 000 (екі миллиард жиырма бір миллион сегіз жүз қырық төрт мың) теңгеге дейінгі мөлшерде және 2001 жылғы 1 шілдеге дейін 40 пайызға немесе 1 347 896 000 (бір миллиард үш жүз қырық жеті миллион сегіз жүз тоқсан алты мың) теңгеге дейінгі мөлшерде;

1 738 260 000 (бір миллиард жеті жүз отыз сегіз миллион екі жүз алпыс мың) теңге сомасына 143 000 (бір жүз қырық үш мың) тоннаға дейінгі көлемде - күзде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қосымша шешімінің негізінде;

2) 2001 жылғы егіннің 6293-90 МЕМСТ-ға сай үшінші сыныпты күріш дақылының есепке алынған салмағының бір тоннасы үшін қосымша құн салығын қоса алғанда және бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылатын тұлғалар үшін - қосымша құн салығын есептемегенде, франко-элеватор шартымен 100 (жүз) АҚШ долларына баламалы баға бойынша 305 400 000 (үш жүз бес миллион төрт жүз мың) теңге сомасына 20 000 (жиырма мың) тоннаға дейінгі көлемде, бұл ретте:

213 780 000 (екі жүз он үш миллион жеті жүз сексен мың) теңге сомасына 14 000 (он төрт мың) тоннаға дейінгі көлемде - екі деңгейлі сатып алу арқылы: 2001 жылғы 20 мамырға дейін 60 пайызға немесе 128 268 000 (бір жүз жиырма сегіз миллион екі жүз

алпыс сегіз мың) теңгеге дейінгі мөлшерде және 2001 жылғы 1 тамызға дейін 40 пайызға немесе 85 512 000 (сексен бес миллион бес жүз он екі мың) теңгеге дейінгі мөлшерде;

91 620 000 (тоқсан бір миллион алты жүз жиырма мың) теңге сомасына 6 000 (алты мың) тонна көлемінде - күзде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қосымша шешімінің негізінде, тек отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден ғана мемлекеттік сатып алу жүргізуді қамтамасыз

етсін.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі 2001 жылғы 1 қыркүйекке дейін белгіленген тәртіппен күзгі сатып алудың шарттарын регламенттейтін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын енгізсін".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.